

№ 2614 тіркелген, "Жекеше нотариустың бос орнына орналасу үшін конкурс өткізу жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2003 жылғы 9 желтоқсандағы № 259 бұйрығына толықтыру және өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2004 жылғы 15 сәуірдегі № 100 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2004 жылғы 21 сәуірде тіркелді. Тіркеу № 2812. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2005 жылғы 31 наурыздағы № 101 бұйрығымен (V053547)

Жекеше нотариустың бос орнына орналасу үшін конкурс өткізу тәртібін жетілдіру мақсатында бұйырамын:

1. "Жекеше нотариустың бос орнына орналасу үшін конкурс өткізу жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2003 жылғы 9 желтоқсандағы № 259 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде № 2614 тіркелген) мынадай толықтыру мен өзгерістер енгізсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жекеше нотариустың бос орнына орналасу үшін конкурс өткізу жөніндегі нұсқаулықта:

3-тармақ "байланысты" деген сөзден кейін "сондай-ақ жекеше нотариустың қосымша бірлігін бекіткен жағдайда" деген сөздермен толықтырылсын;

17-тармақтағы "бір ай" деген сөздер "он күн" деген сөздермен ауыстырылсын ;

20-тармақтағы "45" деген сан "отыз" деген сөзбен ауыстырылсын.

2. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Әділет вице-Министрі С.Н. Баймағанбетовке жүктелсін.

3. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

Министр